

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Ә. Ж. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты
Көлік техника кафедрасы

Ерболған Н.Е.

Жоғарғы сынып оқушыларына арналған оқулықтарды шығаратын
баспахананың кітапшалау-түптеу цехының технологиялық бөлімін жобалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B072200 – Полиграфия мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Ә. Ж. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техника кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

КТ кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., профессор

 Машеков С.А

« 21 » 05 2019 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Жоғарғы сынып оқушыларына арналған оқулықтарды шығаратын
баспахананың кітапшалау-түптеу цехының технологиялық бөлімін жобалау»


5B072200 – Полиграфия

Орындаған

Ерболған Н.Е.

Ғылыми жетекші

лектор

 Ж.Ж.Толыбаева

« 21 » 05 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.Ж. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техника кафедрасы

5B072200 – Полиграфия

БЕКІТЕМІН

КТ кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., профессор

Машеков С.А.

« 17 » 08 2018 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Ерболған Нұргүл Ерболғанқызы

Тақырыбы «Жоғарғы сынып оқушыларына арналған оқулықтарды шығаратын
баспахананың кітапшалау-түптеу цехының технологиялық бөлімін жобалау»
Университет басшысының №1252-б «б» 11 2018ж. бұйрығымен
бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «22» 05 2019 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: басылым форматтары: 60×84/16,
60×90/16, 70×90/16, 70×100/16; физикалық баспа табақтағы көлемдері: 15, 18,
17,14; атау саны: 15, 20, 18, 12; таралым: 50, 83, 80, 50 мың дана.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Технологиялық бөлім

б) Тіршілік қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімі

в) Экономикалық бөлім

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):



Кітапшалау-түптеу цехының сызбасы, жүктер ағымының сызбасы, өрт кезінде
эвакуация жолының сызбасы

Ұсынылатын негізгі әдебие. Медетбекова З.О. Технология брошюровочно-
переплетного процесса. Учебно-методический комплекс для специализации
полиграфия


Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Технологиялық бөлім	15.01-01.03.2019	
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі	01.03-20.03.2019	
Экономикалық бөлім	26.03-30.04.2019	


Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен ереже бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Технологиялық бөлім	Ж.Ж. Толыбаева лектор, КТ кафедрасы	21.05.19	
Ереже бақылау	Ж.Ж. Толыбаева лектор, КТ кафедрасы	21.05.19	

Ғылыми жетекшісі

 Толыбаева Ж.Ж

Тапсырманы орындауға білім алушы алды

 Ерболған Н.Е

АНДАТПА

Жобаланған дипломдық жобада жоғарғы сынып оқушыларына арналған оқулықтар шығаратын баспахананың кітапшалау-түптеу цехы қарастырылған.

Дипломдық жоба келесі бөлімдерден тұрады:

- технологиялық бөлім;
- тіршілік қауіпсіздігі және еңбекті қорғау;
- экономиялық бөлім.

Технологиялық бөлімде кітапшалау-түптеу процесінің технологиялық процесі қарастырылған. Қатты түптеу қабындағы басылымды кітапшалау-түптеу цехында даярлаудың технологиялық сұлбасы, таңдалған процесті толығымен талдап, сол операцияларға негізгі жабдықтар таңдалды. Кестелерде өндірістің жылдық жүктемесі, қажетті жабдықтар, материалдар таңдалып, олардың саны және өндірістегі негізгі жұмысшылардың есептеулері көрсетілген.

Тіршілік қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімінде өндірістегі болатын қолайсыздықтар және оларды шешу жолдары қарастырылды.

Экономикалық бөлімінде өндірістің тиімділігін, шығатын өнімнің өзкұнын, өндірістің өтелу мерзімі, негізгі қор, негізгі және қосымша жұмысшылардың жалақылары, сатып алынатын жабдықтардың бағасы, амортизациясы және сол сияқты есептеулер қарастырылды.

Түсіндірме жазба 31 беттен, 37 кестеден және 1 суреттен тұрады.

Дипломдық жобаның сызбалық бөлімі келесі сызбаларда көрсетілді:

- басылымды кітапшалау-түптеу цехында даярлаудың технологиялық сұлбасы;

- кітапшалау-түптеу цехының жоспары;
- жүк ағымы;
- төтенше жағдайдағы эвакуация жоспары;
- техника-экономикалық көрсеткіштері.

Түйінді сөздер: дипломдық жоба, кітапшалау-түптеу цехы, жылдық жүктеме, технологиялық процесс, техникалық сипаттамалары.

АННОТАЦИЯ

В проектируемом дипломном проекте рассматривается брошюровочно-переплетный цех типографии по выпуску учебников для старших классов.

Дипломный проект содержит следующие разделы:

- технологическая часть;
- безопасность и охрана труда;
- экономическая часть.

В технологической части рассматриваются технологии брошюровочно-переплетных процессов. Приведена технологическая схема изготовления изданий в твердой переплетной крышке, сделано обоснование выбранному технологическому процессу, а также выбрано технологическое оборудование по всем операциям. В таблицах отражены годовая загрузка производства, основное оборудование, выбраны основные материалы, а также сделаны расчеты материалов и основных рабочих.

В разделе безопасность и охрана труда рассмотрены проблемы возникающие на производстве и представлены решения этих проблем.

В экономической части приводятся расчеты рентабельности и срока окупаемости производства, себестоимости выпускаемой продукции, основные производственные фонды, заработная плата основных и вспомогательных рабочих, цена основного оборудования, амортизация а также другие экономические расчеты.

Пояснительная записка состоит из 21 страниц, 37 таблиц и 1 рисунка.

Графическая часть дипломного проекта представлена в виде чертежей:

- технологическая схема изготовления издания в брошюровочно-переплетном цехе;
- планировка производства;
- схема грузо потоков;
- план эвакуации при чрезвычайных ситуациях;
- технико-экономические показатели.

Ключевые слова: дипломной проект, брошюровочно-переплетный цех, годовая загрузка, технологический процесс, техническая характеристика.

THE SUMMARY

In the projected this is project examines bookbinding printing shop to produce text books for high school students.

This is project contains the following sections:

- the technological part;
- occupational safety and health;
- economic part.

In the process of the considered technology for stitching and binding processes. The technological scheme of manufacturing books in hard cover bookbinding, made studies of the selected process technology, as well as selected technological equipment for all operations. The table presents the annual load of production, capital equipment, selected basic materials and made calculations of basic materials and workers.

Under Occupational Safety Problems arising in the workplace and provides solutions to these problems.

In the economic part provides calculations of profitability and payback period of production, production costs, fixed assets, wages main and auxiliary workers, the price of basic equipment, depreciation and other economic calculations.

Explanatory note consists of 31 pages, 37 tables and 1 figure.

The graphical part of the graduation project is presented in the form of drawings:

- technological scheme of manufacturing publication in Bookbinding workshop;
- planning of production;
- pattern of traffic flows;
- evacuation plan in emergency situations;
- technical and economic indicators.

Keywords: diploma project, technological process, bookbinding printing shop, annual load of production, technical specifications.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	
1 Технологиялық бөлім	10
1.1 Жобаланатын басылымның технологиялық сипаттамасы	10
1.2 Кітапшалау-түптеу цехында басылымды даярлаудың технологиялық сұлбасы	11
1.3 Таңдалған технологиялық процестерді талдау және орнықтыру	12
1.4 Кітапшалау-түптеу цехтың негізгі жабдықтарын таңдау	16
1.5 Кітапшалау-түптеу цехтың негізгі материалдарын таңдау	25
1.6 Таңдалған материалдардың шығынын есептеу	27
1.7 Таңдалған жабдықтардың және негізгі жұмысшылар санын есептеу	31
1.8 Кітапшалау-түптеу цехының ауданын есептеу және цех колонасының торын таңдау	34
2 Тіршілік қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімі	35
2.1 Қауіпті және зиянды факторларды талдау және қорғау шаралары	35
2.2 Жарықтандыруды есептеу	37
3 Экономикалық бөлім	38
3.1 Электроэнергия шығындары есептеу	38
3.2 Өнімнің өзіндік құнын есептеу	39
Қорытынды	
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	
Қосымша А	
Қосымша В	

КІРІСПЕ

Қоғамның дамуына қарай материалдық және еңбек ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру проблемасы, осыған байланысты материалдық өндіріс саласындағы ұйымдастыру қызметін дамыту неғұрлым өзекті болып отыр. Әрбір полиграфиялық кәсіпорын еңбек, материалдық, қаржы ресурстарының аз шығынында жоспарланған көлемде жоғары сапалы өнімді уақтылы шығаруды қамтамасыз етуге міндетті [1].

Қазіргі әлемде бұқаралық ақпарат құралдарының сан алуандығына карамастан, полиграфиялық өнім жетекші орында тұр. Шығарылатын баспа өнімдерінің ассортименти үлкен: газеттер, журналдар, кітаптар, брошюралар және т. б.

Дипломдық жоба жоғарғы сынып оқушыларына арналған оқулық шығаратын баспахананың кітапшалау-түптеу цехының технологиялық бөлігін әзірлеуге арналған. Кітапшалау-түптеу процессі кітап, кітапша және басқа да полиграфиялық өнімді даярлаудың технологиялық сұлбасын аяқтайды.

Кітапшалау-түптеу процессі екі терминнен тұрады және екі түрлі процесстерді қамтиды.

Кітапшалау процессі – жұмсақ мұқабадағы басылымдарды даярлаудың барлық технологиялық операцияларының жиынтығы. Оған: кесу, бүктеу, жинақ-тау, бекіту, үш жағынан кесу операцияларын жатқызамыз. Кітапшалау процесіне тағы кітап блогтарын жіппен тігу операциясы кіреді.

Түптеу процессі – кітап блогы бекітілгеннен кейін орындалатын операциялар жиынтығын айтады, яғни блокты өңдеу, блогқа қапты кигізу, пресстеу, шриховкалау және т.б.

Мамандандыру қазіргі заманғы жоғары өнімді жабдықтар мен прогрессивті технологияларды, өндірістік процесстерді кешенді механикаландыру мен автоматтандыруды енгізу үшін қажетті алғышарттар жасайды, кәсіпорынға бір типті жабдықты пайдалана отырып, өз өнімін бір технология бойынша шығаруға мүмкіндік береді, бұл оған қызмет көрсетуді жеңілдетеді, қажет болған жағдайда барлық қуатты жедел тапсырысты дайындауға шоғырландырады.

Мамандандыру кәсіпорынның өндірістік қуатын барынша толық пайдалануға мүмкіндік береді, ресурстарды ұтымды пайдалануға, өндірісте басылымдардың өту мерзімін қысқартуға ықпал етеді, техникалық-экономикалық көрсеткіштерді жақсартады, осыған байланысты шығарылатын өнім көлемі ұлғаяды, еңбек өнімділігі артады, қайтарым қоры өсіп, өндіріс шығындары төмендейді [2].

1 Технологиялық бөлім

1.1 Жобаланатын басылымның технологиялық сипаттамасы

Жоғарғы сыныпқа арналған оқулықтар шығаратын кітапшалау-түптеу цехының технологиялық бөлімі 1 кестеде көрсетілген.

1 Кесте – Басылымның техникалық көрсеткіштері


Көрсеткіштердің атауы	Жоғарғы сыныпқа арналған оқулық №1	Жоғарғы сыныпқа арналған оқулық №2	Жоғарғы сыныпқа арналған оқулық №3	Жоғарғы сыныпқа арналған оқулық №4
1 Басылым форматы мен бөлшегі, см	60×84/16	60×90/16	70×90/16	70×100/16
2 Басылымның көлемі:				
физикалық баспа табақта	15	18	17	14
шартты баспа табақта	13,9	18	19,8	18,1
қағаз табақта	7,5	9	8,5	7
беттерде	240	288	272	224
Блоктағы дәптерлер саны	15	18	17	14
Бір дәптердегі беттер саны	16	16	16	16
Таралым, мың дана	50	83	80	50
Атау саны	15	20	18	12
Мерзімділігі	-	-	-	-
Басу әдісінің түрі	офсет	офсет	офсет	офсет
Басылым бояулығы:				
- блог	1+1	1+1	1+1	1+1
- түптеу қабы	4+0	4+0	4+0	4+0
- форзац	2+0	4+0	4+0	2+0
Форзац түрі	қарапайым жілімделетін	қарапайым жілімделетін	қарапайым жілімделетін	қарапайым жілімденетін
Дәптерлерді жинақтау түрі	бірінің үстіне бірін қойып	бірінің үстіне бірін қойып	бірінің үстіне бірін қойып	бірінің үстіне бірін қойып
Дәптерлерді біріктіру әдісі	жіппен тігу	жіппен тігу	жіппен тігу	жіппен тігу
Парақтарды бұғу түрі	перпендикуляр 3 бүгілім	перпендикуляр 3 бүгілім	перпендикуляр 3 бүгілім	перпендикуляр 3 бүгілім
Түптеу қабының типі	4	4	4	4
Түптеу қабының жамылғы материалы	мұқабалық қағаз	мұқабалық қағаз	мұқабалық қағаз	мұқабалық қағаз
Форзац үшін таңдалған материал	форзацтық қағаз	форзацтық қағаз	форзацтық қағаз	форзацтық қағаз
Безендіру түрі	пленкамен престоу	пленкамен престоу	пленкамен престоу	пленкамен престоу


1-кестенің жалғасы

Көрсеткіштердің атауы	Жоғарғы сыныпқа арналған оқулық №1	Жоғарғы сыныпқа арналған оқулық №2	Жоғарғы сыныпқа арналған оқулық №3	Жоғарғы сыныпқа арналған оқулық №4
Басылымның жылдық саны, мың дана	750	1660	1440	600
Дәптердің жылдық саны, мың дана	11250	29880	24480	8400
Форзацтың жылдық саны, мың дана	1500	3320	2880	1200
Түптеу қабының жылдық саны, мың дана	750	1660	1440	600

1.2 Кітапшалау-түптеу цехында басылымды даярлаудың технологиялық сұлбасы

Жоғары сыныпқа арналған қатты түптеу қабындаға баслымды даярлаудың технологиялық сұлбасы 1-суретте көрсетілген.





1 Сурет – Қатты түптеу қабындағы басылымды даярлаудың технологиялық сұлбасы

1.3 Таңдалған технологиялық процестерді талдау және орнықтыру

Екшелеу. Екшелеу – стопадағы қағаз парақтарының жиектерін бір-біріне перпендикулярлы жақтары, яғни дұрыс жақтары бойымен тегістеу. Парақтарды екшелеу келесі орындалатын кесу, санау операцияларының дәл орындалуы үшін қажет. Сонымен қатар басу, лактау, бүктеу және басқа да машиналардың өзібергішінің жұмысын жақсартады.

Кесу. Кесу – баспа немесе түптеу материалдарының парақтарын қажетті бөліктерге бөлу. Қағаз парақтарының жиектерін кесу парақтың белгілі бір пішімін алу қажет болса, парақтар жиектері бүлінген немесе деформацияланған болса, басуға дейін орындалады. Басылымдарды, форзацтарды, жапсырмаларды, мұқаба, супермұқабаны шығарғаннан кейін кесу бақылау шкалалары мен жетек белгілерін жою үшін жасалады. Орта және ірі сериялы кітап өндірісінде басылған мәтіннің, иллюстрациялардың, мұқабалардың парақтары, жабын материалдар жатырмалық жақтар, сурпермұқабалар және т. б. парақтар міндетті түрде кесіледі [3].

Бүктемелеу. Бүктемелеу – дегеніміз қағаз полотноларын немесе парақтарды әзірленген бүгілім сызығы бойымен бүктеу. Ол беттердің дұрыс реттілігін қамтамасыз етеді.

Дипломдық жұмыста басылымды даярлауда перпендикулярлық үш бүгілім таңдалды. Перпендикулярлық бүгілімде әрбір келесі бүгілім алдыңғыға перпендикуляр. Үш бүгілімнен 16 беттік дәптер алынады.

Дәптерлерді жинақтау. Жинақтау – дәптерлерді жинау, беттердің нөмірлеуге сәйкес белгілі бір ретпен орналастыру процесі. Дәптерлерді жинақтау арқылы блок алынады. Бірінің үстіне бірін қойып жинақтау орташа және үлкен көлемді брошюралар және 80 беттен асатын кітаптар үшін пайдаланылады. Таңдалған басылымдардың көлемі 80 беттен асатындықтан дәптерлер бірінің үстіне бірі қойылып жинақталады.

Блокты жіппен тігу. Кітаптарды жіппен тігу – баспа парақтарының және дәптерлердің ішкі бөліктері бір-біріне тоқымалы жіптер арқылы байланысатын блогты бекіту әдісі. Бұл тәсіл өнімді ұзақ және белсенді пайдалану кезінде сенімді. Қазіргі уақытта, тікпей желіммен бекіту әдісінің қарқынды дамуына

карамастан, жіппен тігу жауапты басылымдарға арналған кітап блоктарын бекітудің негізгі түрі болып қала береді (оқулықтар, анықтамалық әдебиеттер, энциклопедиялар және т.б.). Жіппен тігілген кітаптардың мықтылығы жоғары және ашылуы оңай, олармен әлі басқа тәсілдермен бекітілген кітаптар бәсекелесе алмайды [4].

Таңдалған басылымдарды тігу үшін қарапайым брашюралық тігіс қолданылады. Бұл әдісте дәптерлердің ішкі тігістері бір бірінің астында орналасады және өлшемдері өзара тең.

Кітап блогын өңдеу. Қатты түптеу қабындағы кітап басылымдардың блоктары жиналғаннан кейін, олар міндетті түрде өңдеуден өтеді. Өңдеу түрі блок қалыңдығы, бекіту тәсілі, көркемдік-техникалық әрлеуіне байланысты толық, ішінара, минималды болуы мүмкін. Блоктарды толық өңдеу құрамына 12 операцияға дейін кіреді: блокты қысу, түбін желімдеу, түбін кептіру, түбін қысу, үш жағынан кесу, жиектерін бояу немесе алтындау, түбін дөңгелету, бұғу, түптік материал желімдеу, ляссе жабыстыру, каптал мен қағаз тілімін желімдеу.

Ұзақ қызмет етуге немесе қарқынды пайдалануға есептелген басылымдардың блоктары барлық операцияларды қамтиды. Блок жиектерін бояу, алтындау, ляссе желімдеу міндетті операциялар емес, олар баспахана келісімімен орындалады.

Блок түбін желімдеу. Блоктарды жіппен тігу кезінде блок түбін желімдеу міндетті, өйткені бұл бекіту дәптерлердің бір-біріне тығыз жанасуын қамтамасыз етпейді: тігілген блокты ашқан кезде дәптерлер арасында блоктың бір дәптерінің қалыңдығына тең саңылау пайда болады. Блок түбін желімдеген кезде желім дәптерлердің фальцтарының арасындағы тереңдікті толтырады, дәптерлердің сыртқы бетін бір-бірімен бекітеді. Дайын кітапта желім қабаты дәптерлердің ығысуын болдырмайды, дәптерлер арасындағы саңылауларды жояды, блок түбінің формасының сақталуын қамтамасыз етеді, басылымның беріктігі мен пайдалану ұзақтығын арттырады. Блокты толық өңдеу түбін желіммен үш рет желімдеуді көздесе де (түптік материалын материалын және капталдар мен қағаз тілімдерін желімдеу кезінде).

Желімденгеннен кейін блок түбін кептіру. Блок түбін желімдеуде құрамында 30-55% құрғақ заты бар сұйылтылған поливинилацетатты дисперсияны (ПВАД) немесе крахмал желімі бар ПВАД қоспасын пайдаланады. 70% суы бар желім қағазға бірнеше миллиметр тереңдікке еніп, қағазды ылғалдайды. Ылғалданған кезде қағаз көлемі ұлғаяды, бұл блоктың түбінің айтарлықтай қалыңдауына әкеледі. Кептіру кезінде ылғалдың едәуір бөлігі блоктан шығарылады, қағаздың және желім қабатының көлемі де азаяды, бірақ бұрынғы өлшемдеріне қайтым келмейді.

Кептіргеннен кейін блок түбін қысу. Желімдегеннен және кептіргеннен кейін блоктардың түбін қысу түптік аймақтың қалыңдығын жояды, бұл тираждағы блоктардың тығыздығын, қалыңдығының біркелкілігін арттыруға ықпал етеді, жабдықтың тұрақтылығы мен үздіксіз жұмыс істеуін және кейінгі операцияларда жартылай фабрикаттардың сапасын қамтамасыз етеді [5].

Блокты үш жағынан кесу. Блоктарды кесу түбін механикалық өңдеуден кейінгі операцияларды дұрыс орындауға, басылым форматына және жеке дайындалатын түптеу қабының өлшемдеріне сәйкес келетін блоктың дәл өлшемін, дайын кітаптың сыртқы тартымды түрін алуға, соңында, кітаптың әрбір парақтарының жеңіл ашылуына мүмкіндік береді.

Кесуден кейін кітап блоктарының өлшемдері белгілі талаптарға жауап беруі тиіс. Ол бойынша кескен кезде блоктың номиналды өлшемдері ені бойынша 5 мм, ал биіктігі бойынша 10 мм азайтылуы мүмкін.

Каптал мен қағаз тілімін желімдеу. Каптал – әрлеу элементі болып табылады, бірақ тағы блок түбінің төменгі және жоғарғы шеттеріне қосымша береді. Түбірлік материал ретінде БО маркалы екі жіпті мақта-полиэфирлі марля қолданылады (блок өңдеу агрегаттары үшін). Марля рулонының ені кесілген блок ұзындығынан 25 мм кем болуы керек.

Блоктарды марлясыз жіптермен тігу кезінде түбіне түптік материалды жапсыру міндетті, өйткені ол блоктарды түптеу қабына кигізгенде олардың арасындағы берік байланысты қамтамасыз етеді.

Түптеу қабын даярлау. Стандарт бойынша түптеу қаптарының 6 типі бар. Дипломдық жұмыста таңдалынған басылым №4 типті толық қағазды, кантты бар түптеу қабында шығарылады.

Қатырмалық жақтарға қалыңдығы 1,25мм-ден 3мм-ге дейінгі түптеу қатырмасы, ал отстав үшін беттік тығыздығы 120-190 г/м² болатын мұқабалық қағаз және қалыңдығы 0,4-3 мм-ден аспайтын түптік қатырма пайдаланылады.

Қатырманы кесу негізінде екі кезеңнен тұрады: алдымен қатырма парақтары ені қатырмалық жақтар еніне немесе ұзындығына тең жолақтарға кесіледі, сосын жолақтар қатырмалық жақтарға кесіледі.

Түптеу материалы ретінде қалыңдығы 80-120 г/м² болатын қағазды ледерин, латекстік қабаты бар қағаздар таңдалынады. Материалды кесу де қатырма кесу машиналарында жүргізілуі мүмкін. Бұндай жағдайда машина жанында өзекшелері бар тіреулер орнатылады. Өзекшелерінің санына қарай оған кигізілетін рулондар саны да артады, сондықтан тіреу бірнеше қағазды кесуді бір уақытта орындалады.

Түптеу қаптарын жинау парақты немесе рулонды қап дайарлайтын машиналарда жүргізіледі.

Түптеу қабын безендіру. №4 типті түптеу қабының безендіруі – пленкамен престоу. Түптеу қабын пленканы престоу түсті таңбаны сыртқы әсерлерден қорғайды және өнімнің сыртқы түрін жақсартады. Салыстырмалы түрде қалың (17-ден 50 микронға дейін) полимерлік қабат өнімнің көрінісін, бетінің жылтырлығын, таңбаның қанықтылығын жақсартады, сонымен қатар алдыңғы бетті суға төзімді етеді, материалдың тозуын, иілу және үзуге беріктігін арттырады.

Престеуде әртүрлі полимер негізіндегі пленкалар: целлюлоза ацетаты, полиэтилентерифталат, полипропилен, полиакрилат, поливинилхлорид. Желім пленка түріне және оның таңбаға бекіну тәсіліне байланысты таңдалады.

Желім жағылған пленка пленка престеу машинасында 70-100°C дейін қыздырылады да таңбаға басылады. Каландрлердегі қысым 2500-3000 кгс/см² жетеді.

Блокты түптеу қабына кигізу. Блокты түптеу қабына кигізу – кітап жасаудың соңғы және ең жауапты кезеңдерінің бірі. Түптеу қабына кигізу процесінде блоктың негізгі бөлшектері мен түптеу қабының дұрыс біріктірілуі маңызды рөл атқарады.

Блокты түптеу қабымен біріктіру дәлдігі олардың сызықтық өлшемдерінің дәлдігіне байланысты. Кірістіру сапасына шпацияның дұрыс өлшемі және блоктың түбін өңдеу симметриялығы елеулі әсер етеді. Шпация мөлшері блок түбін толық қамтатындай болуы тиіс. Бұл ретте қатырмалық жақтар түптік фальцтен 5-6 мм алшақ тұруды.

Шпацияның қате өлшемі блоктың түптеу қабының қосылуының беріктігін айтарлықтай төмендетеді. Егер шпация ені аз болса, онда да форзац иілу орны бойынша жыртылады немесе форзацпен бірге дәптердің шеткі парақтары үзіледі; егер шпация ені үлкен болса, форзац қатырма жағынан жыртылады. Бұл талаптарды сақтау түптеу қабын блокпен жақсы бекуінің қажетті шарты.

Блоктарды түптеу қабына салыну сапасы пайдаланылатын желімнің құрамына да байланысты. Оның мынадай технологиялық қасиеттері болуы тиіс:

- қағазға оңай жағылуы;
- блоктың орнын түзету үшін жақсы сырғуы;
- салыстырмалы түрде тез құрғауы;
- түссіз болуы;
- уақыт өте келе қағаз түсін өзгертпеу [6].

Кітапты штриховкалау. Кітапты штриховкалау – бұл расстав бойымен түптеу қабының екі жағынан ойық сызық жасау операциясы. Штриховка түптеу қабымен байланысты жеңілдетеді, блок түбінің пішінін бекітеді, кітапты ашқан кезде ілгек ретінде жұмыс істейді. Штриховкалау температура мен қысым арқылы жасалынады, құрал-саймандар ретінде роликтерді немесе тегіс қыздырылған планкалар қолданылуы мүмкін.

Өнім сапасын бақылау. Кітап блогы түптеу қабына қондырылған соң, кітапты дайындаудың технологиялық инструкциясының талаптарына сәйкес, басылымның сапасы жиырма сапалық көрсеткіштері бойынша бағаланады. Мына операциялардың орындау сапасына баға беру керек:

- қатар орналасқан үш дәптердің бүктелу сапасын, түбі мен бас жағындағы ашық жерлердің ендік өлшемін салыстыру;
- форзацтың дәптерге желімденуі, желім жағылған жердің мөлшері;
- форматы мен кесу түріне қарай кесілу дәлдігін;
- бүктемеленген өнімді дөңгелектеу және майыстыру;
- капталдарды желімдеу;
- блокты түптеу қабына қондыру;
- қондыру тығыздығы мен беріктігі;
- форзацты түптеу қабына желімдеу сапасын;

- із салу (штриховка) сапасы;
- сыртқы сапасы;
- кітаптың ашылуы мен жылжымау беріктігі.

Дайын өнімді орап-буу. Дайын кітап басылымдарды орамалау, дайын өнімді кәсіпорындардың қоймаларына қауіпсіз және оңай тасымалдау, тауар саудасы, сондай-ақ өнімнің қоймаларда сақтау ыңғайлығы мен санау қолайлығы үшін жасалынады. Стандартта ораманың екі түрі көрсетілген: қағаз немесе қатырмалы пачкаға орамалау және гофрленген қатырмалы контейнерге орамалау. Орау алдында кітаптар қарама-қарсы түптерімен стопаға жиналады. Басылым форматына байланысты бумада бір, екі, үш, төрт және сегіз стопаға жиналуы мүмкін.

1.4 Кітапшалау-түптеу цехтың негізгі жабдықтарын тандау

Wohlenberg 115 бірпышақты кесу машинасы. Жоғарғы жылдамдықты Wohlenberg 115 бірпышақты кесу машинасы озық электроникалы басқару жүйесімен жабдықталған. Тұрақты, қуатты құрылымға, шу мен дірілдің төменгі көрсеткіштеріне ие.

Wohlenberg 115 машинасы кез келген материалда, картоннан және пластиктен жұқа қағаздарға дейін, кесудің жоғары сапасын қамтамасыз етеді.

2-кестеде Wohlenberg 115 бірпышақты кесу машинасының техникалық сипаттамасы көрсетілген.

2 Кесте – Wohlenberg 115 бірпышақты кесу машинасының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштердің мәні
Максималды кесу ұзындығы, мм	1150
Стопаның максималды биіктігі, мм	160
Жылдамдығы, кесу/мин.	50 дейін
Глубина подачи затла, мм	1178
Затлдың жылжуының максималды жылдамдығы, мм/с	370
Алдыңғы үстелдің тереңдігі, мм	755
Қысу қысымы, кН	2,5-40
Қуаттылығы, кВт	3
Электр қуатын тұтыну, кВт	6,4
Габариттік өлшемдері, мм	365×352×166
Салмағы, кг	3050

Warrior 21401-2 кіші форматтағы бүктеу машинасы. Warrior 21401-2 – үлкен кеңсеге немесе көшірме орталығына арналған фрикционды қағаз беру жүйесімен жабдықталған екі кассеталық бүктеу машинасы. Warrior 21401-2 А5 + А3-тен форматтары бойынша сағатына 6000 парақ дейін жылдамдықпен алты түрлі бүгілім жасай алады. Қосымша жылдамдықты реттейтін механизмінің болу ақаудық болуын азайтады.

Warrior 21401-2 негізінен 90-150 г/м², жабыны жоқ қағазда жұмыс істеуге арналған. Бүгілім типтері: бір жақты, екі жақты, кітапшалық, зигзаг, жартылай зигзаг, стандартты хатты, паралель. Warrior 21401-2 бүктеу машинасының техникалық көрсеткіштері 3-кестеде көрсетілген.

3 Кесте – Warrior 21401-2 бүктеу машинасының техникалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштердің мәні
Максималды формат, мм	300×432
Минималды формат, мм	90×128
Парақ бергіш құрылғы	Фрикционды (500 параққа дейін)
Шығару құрылғысы	Лоток
Өнімділігі, парақ/сағ	6000
Жинау лотогының сыйымдылығы, парақ	500 дейін
Электр қуатын тұтыну, В	220
Габариттік өлшемдері, мм	483×762×483

LiREN K72-4KL автоматтандырылған аралас бүктеу машинасы. LiREN K72-4KL автоматтандырылған аралас түктеу машинасы әртүрлі кассеталармен, пышақтармен, дөңгелек, жалпақ өзібергіш стапелімен, кассетаны жинайтын секциялармен, престеуіш конвейермен, кіші форматтағы басылым үшін арналған тік жинақтағышпен жабдықталған. Өзібергіш вакуумдық дөңгелектер және вакуумдық сорғыштардан тұрады. Ол жапондық үлгілерге ұқсас 210 м/мин жылдамдыққа дейін жетеді.

LiREN K72-4KL машинасының техникалық сипаттамасы 4-кестеде көрсетілген [7].

4 Кесте – LiREN K72-4KL автоматтандырылған аралас бүктеу машинасының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштердің мәні
Бүгілім саны	6, кассеталы — 4, пышақты— 2
Форматы, мм: максималды	720×1100
минималды	180×180
Қағаз тығыздығы, г/м ²	40-270
Жұмыс жылдамдығы, м/мин	210 дейін
Пышақ жұмысының жылдамдығы, соққы/мин	210 дейін
Қуаттылығы, кВт	5,6
Габариттік өлшемдері, мм	4800×2600×1200
Салмағы, кг	1600

Laconda Basic горизонтальді табақ жинақтау машинасы. Laconda Basic машинасы жеке дәптерлерді блокқа жинақтауға, сондай-ақ, брошюра мен күнтізбе дайындауға арналған. Машинасы түрлі тығыздықтағы (14-1000 г/м²) ең кең таралған форматтағы қағаздарымен жұмыс істейді. Сонымен қатар ең жоғарғы жұмыс жылдамдығы сағатына 1,800-ға дейін жетуі мүмкін. Ірі

басылымдармен жұмыс істеуді жеңілдету үшін роторлы науалармен жабдықталған.

Laconda Basic горизонтальді табақ жинақтау машинасының техникалық көрсеткіштері 5-кестеде көрсетілген [8].

5 Кесте – Laconda Basic горизонтальді табақ жинақтау машинасының техникалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштердің мәні
Лоток саны	5-20
Дәптердің минималды форматы, мм	100×140
Дәптердің максималды форматы, мм	500×700
Қолданылатын материал, г/м ²	14-1000
Өнімділігі, цикл/сағ	3 200
Қуаттылығы, кВт	14,1
Салмағы, кг	4500
Габариттік өлшемдері, мм	7400×1450×1570

ЖН-500А паковальді қысу прессі. ЖН-500А паковальді қысу прессі баспа блоктарын тығыздау үшін қолданылады. Кітап блоктарының максималды ұзындығы – 500 мм, қысым – 12-15 тоннаға дейін. Пресстің екі қысым жүйесі бар: гидравликалық және электрлік. Қозғалтқыштар, гидравликалық сорғы, пресс, айналмалы клапан, электромагнитті клапан, қуатты цилиндр және т.б. жабдықтары бар.

6-кестеде ЖН-500А паковальді қысу прессінің техникалық көрсеткіштері берілген.

6 Кесте – ЖН-500А паковальді қысу прессінің техникалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштердің мәні
Блоктың максималды ұзындығы, мм	500
Блок қалыңдығы, мм	130 дейін
Максималды қысым, МПа	6
Қуаттылығы, кВт	1,5
Электр қуатын тұтынуы, В	380
Габариттік өлшемдері, мм	1040×540×1140
Салмағы, кг	300

SewSTAR 39A автоматты жіппен тігу машинасы. Жаңа модель 110 цикл/мин жылдамдығымен жұмыс істейді, түрлі тігін жұмыс орындарына ыңғайлы пішімдерге ие. Дайын блоктардың неғұрлым тиімді шығуын, оператордың ыңғайлы түрде алынуын қамтамасыз ететін кеңірек конвейерді арнайы әзірледі. SewSTAR 39A автоматты жіппен тігу машинасының техникалық көрсеткіштері 7-кестеде көрсетілген.

SewSTAR 39A автоматты жіппен тігу машинасының стандартты жабдықтары: автоматты беру құрылғысы, басқару панелінің контроллері, кітап блоктарын автоматты бөлу, вакуумдық компрессор.

7 Кесте – SewSTAR 39A автоматты жіппен тігу машинасының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштердің мәні
Шығарылатын өнімнің максималды форматы, мм	380×330
Шығарылатын өнімнің минималды форматы, мм	100×100
Тігістердің саны, дана	11 дейін
Тігіс ұзындығы, мм	16,5
Жылдамдық диапазоны, цикл/мин.	110 дейін
Электр қуатын тұтыну, кВт	2,8
Габариттік өлшемдері, мм	1940×1380×1580
Салмағы, кг	1970

VAM-70 форзац желімдеу автоматты. Дайын блоктар транспортерға корешогымен алға қарай беріледі. Блок транспортермен пресстеу машинасына беріледі. Түбі қысылады да форзац желімдеу аппаратына беріледі. Машина форзац салынған 2 магазиннен тұрады. Желім желімдеу ваннасынан беріліп тұрады, онда кітап түбін желімдейтін диск болады. Форзац магазиннен қысқыш арқылы шығарылады. Бірінші алдыңғы содан кейін артқы форзац желімделеді. Форзацты блокқа қысатын валиктер арасынан өтеді.

8-кестеде VAM-70 форзац желімдеу автоматтының техникалық сипаттамасы көрсетілген.

8 Кесте – VAM-70 форзац желімдеу автоматтының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштердің мәні
Максималды өлшемі, мм	510×200
Минималды өлшемі, мм	120×90
Қуаты, кВт	5
Габариттік өлшемдері, м	4,3×1,35
Массасы, кг	3 000

SB-7020 блок түбін және окантовкалық материал желімдеу машинасы. Окантовканы желімдеу SB-7020 машинасы арнайы термо және полиуретандық желіммен жұмыс істеу үшін жасалған. Кептіргіштер секциясы мен екінші желімжаққыш аппаратының болмауымен конструкция жеңіл болып келеді. Желім түріне байланысты аппаратты өзгертуге болады. Ауыстыру аз уақытты алады, желімжаққыш аппаратты орнатпай тұрып жұмысқа қыздыра беруге болатын мүмкіндік бар.

Бұл машинаны кітапшалау-түптеу ағынды желісінде қолдануға болады. Ерекше артықшылықтары: тігілген кітап блоктарын, желіммен бекітілген блоктарды өңдеу болып табылады.

9-кестеде SB-7020 блок түбін және окантовкалық материал желімдеу машинасының техникалық сипаттамасы көрсетілген.

9 Кесте – SB-7020 блок түбін және окантовкалық материал желімдеу машинасының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштердің мәні
Минималды блок өлшемі, мм	100×90
Блоктың максималды қалыңдығы, мм	82
Өнімділігі, блок/сағ	70
Габариттік өлшемдері, м	8,0×1,18
Қуаты, кВт	15
Массасы, кг	3 000

TF Желімденгеннен кейін блок түбін кептіру машинасы. Кептіру секциясында жартылай фабрикаттарында кептіру технологиялық процестің әр түрлі сатыларында орындалады. Кептіру желімдік қосылыстар қолданылатын операциясынан кейін қолданады.

Кәдімгі жағдайда түбін кептіру үшін цехта орналасатын арнайы стилаждарға бума бумаетіп түбі бойымен блоктарды қояды. Түбін желімдегенде қолданылатын желімге байланысты оның кебу уақытын анықтайды. Блок түбін кептіру TF машинасымен жүзеге асыруға болады.

10-кестеде TF желімденгеннен кейін блок түбін кептіру машинасының техникалық сипаттамасы көрсетілген.

10 Кесте – TF желімденгеннен кейін блок түбін кептіру машинасының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштердің мәні
Максималды формат, мм	510×320×70
Минималды формат, мм	100×95×3
Қуаттылығы, кВт	7,5
Габариттік өлшемдері, м	2,44×0,76
Массасы, кг	500

D NH-80 қысу пресі. D NH-80 қысу пресі – бұл электр қозғалтқыш жетегімен жабдықталған қысуды қадағалап жұмыс істейтін винтті пресс. Қысу шамасы қағаздың түріне және 500-5000 кг бума санына сәйкес бақыланып отырады.

11-кестеде D NH-80 қысу пресінің техникалық сипаттамасы берілген.

11 Кесте – D NH-80 қысу пресінің техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштердің мәні
Өнімділігі, блок/сағ	2 400
Максималды форматы, мм	510×320
Минималды форматы, мм	100×90
Қуаты, кВт	0,5
Габариттік өлшемдері, м	1,13×0,98
Массасы, кг	500

Voilenberg фирмасының *trim-tec-45i* үш жағынан кесу машинасы. *Voilenberg* фирмасына *trim-tec-45i* үш жағынан кесу машинасына түбі бойынша қысылған, желімденген және кептірілген блоктар түседі. Машина фальцтары жоғары, төмен, алдыңғы жағынан блоктарды кеседі.

МЕСТ 5773-76 бойынша блок кесудің келесі нормаларын бекіткен: блоктың ені бойынша – 5 мм (алдыңғы жағы), биіктігі бойынша – 100 мм (төменгі және жоғарғы жағы).

12-кестеде *Voilenberg* фирмасының *trim-tec-45i* үш жағынан кесу машинасының техникалық сипаттамасы берілген.

12 Кесте – *Voilenberg* фирмасының *trim-tec-45i* үш жағынан кесу машинасының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштердің мәні
Өнімділігі, мин	15-45
Кітап блогының биіктігі, мм	10-100
Макс. Формат (кескенге дейінгі)	410×310
Макс. Формат (кескеннен кейінгі)	380×300
Мин. формат (кескеннен кейінгі)	145×100
Стопа биіктігі (макс./мин.), мм	100/10
Мин. кітап қалыңдығы, мм	2
Қуаттылығы, кВт	8
Массасы, кг	3 700

BL-500 қап кигізу машинасы. Блокты түптеу қабына кигізуде қолданылатын желімнің құрамына, блоктың қалыңдығына байланысты *BL-500* қап кигізу машинасы сағатына 200 кітап шығара алады.

Блокты түптеу қабына кигізу кітаптық басылымдарды даярлаудың келесі операцияларының сапалы өтуін қамтамасыз етеді.

13-кестеде *BL-500* қап кигізу машинасының техникалық сипаттамасы көрсетілген [9].

13 Кесте – BL-500 қап кигізу машинасының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштердің мәні
Өнімділігі, кітап/сағ	200
Кітап блогының максималды форматы, мм	300×390
Минималды форматы, мм	80×100
Блок қалыңдығы, мм	6-60
Габариттік өлшемдері, м	7,2×2,1
Қуаты, кВт	4
Массасы, кг	3 800

EP-608 пресстеу-штрихтау машинасы. Кигізілген блок міндетті түрде престеледі. Бұл операция ағымды желіде орындалады. Қысуды дайын кітаптар блоктар мықты қысылу мақсатында престелу керек. Қысу блокты қапқа кигізгеннен кейін орындалады. Қысу режимі блокты кигізгенде қолданылған желімнің құрамына, қап даярланған материалға және кітаптар қалай престелгенге байланысты. Штрихтау – растав орны мен жақтар арасында, кітап түбіне параллель болып орналасу керек. Штрихтаудың нәтижесінде кітаптың ашылуы жақсарылып, біркелкі форманы қабылдайды. Түптеу қабына кигізілген кітаптың барлығы штрихтаудан өтеді.

14-кестеде EP-608 пресстеу-штрихтау машинасының техникалық сипаттамасы берілген.

14 Кесте – EP-608 пресстеу-штрихтау машинасының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштердің мәні
Кітаптың максималды форматы, мм	300×390
Кітаптың минималды форматы, мм	80×100
Кітаптың қалыңдығы, мм	8-50
Штрихтау уақыты, с	0,9-0,99
Қуаты, кВт	0,37
Габариттік өлшемдері, м	5,2×2×2,1
Массасы, кг	650

DK-450 бобина кесуші машинасы. DK-450 бобина кесуші машина қайта орауға, сапаны бақылауға арналған, және бойлық бағытта кесу мен санау үшін қолданылады.

Дайын өнімді есептеу метрлерде де, жапсырмаларда да жүргізілуі мүмкін. Рулон аяқталғанда, берілген ұзындықтағы орамға жеткенде машина автоматты тоқтайды. Екі қабылдау білігі орамды сапалы ағытуды қамтамасыз етеді. DK-450 бобина кесуші машинасының техникалық көрсеткіштері 15-кестеде берілген [10].

15 Кесте – ДК-450 бобина кесуші машинасының техникалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштердің мәні
Полотно ені, мм	40-450
Максим диаметр размотки, мм	750
Максим диаметр намотки, мм	550
Кесудің максималды ені, мм	440
Кесудің минималды ені, мм	18
Дәлдігі, мм +/-	0,10
Жұмыс жылдамдығы, м/мин	75 дейін
Электр қуатын тұтынуы, кВт	1
Өлшемдері, мм	1680×1280×1720
Салмағы, кг	900

FC-1200 қатырма кесу машинасы. FC-1200 қатырма кесу машинасы қатырма парақтарын берілген форматта көлденең және бойлық бағытта кесуге арналған. Ең қарапайым конфигурацияда парақ тіркеме үстелінен кесу станциясына қолмен беріледі. Машинаның басқаруы жартылай автоматты және реттеу уақытының аздығына байланысты шағын, орта тираждарды басуға өте ыңғайлы. FC-1200 қатырма кесу машинасының техникалық көрсеткіштері 16-кестеде берілген.

16 Кесте – FC-1200 қатырма кесу машинасының техникалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштердің мәні
Өнімділігі, дана/мин	80-300
Парақ ені, мм	50-1160
Қатырма қалыңдығы, мм	1,0-3,0
Қағаз қалыңдығы, мм	1,0-4,0
Бойлық дискалық пышақтар саны, дана	14
Көлденең пышақтар саны, дана	2
Минималды кесу интервалы бойлық кесуде, мм	50,0
көлденең кесуде, мм	5,0
Кернеуі, В	380 (3 фаза)
Қуаттылығы, кВт	3,0
Өлшемі, мм	2300×1900×1400
Массасы, кг	3000

CaseMaker 840/520 автоматты қап даярлау машинасы. CaseMaker 840/520 автоматты қап даярлау машинасы кітаптарға арналған қатты түптеу қабын, мұқаба, папкалар, қатырма каробкалар және т.б. жасауға арналған машина.

Оператор жабын материалды (қағаз, бумвинил және т.б.) ыстық немесе салқын желіммен (желімнің жұмыс температурасы 60-70 °С) жабыстырады.

Желімдеу секциясы желімнің тұтқырлығын ұстап тұратын, су беретін құрылғымен жабдықталған. Одан кейін оператор желіменген жабын материалын вакуумдық жұмыс үстелне орналастырады. Вакуум желімденген материалды нық қысады және тегістейді. CaseMaker 840/520 автоматты қап даярлау машинасының техникалық сипаттамасы 17-кестеде берілген.

17 Кесте – CaseMaker 840/520 автоматты қап даярлау машинасының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштердің мәні
Максималды формат, мм	840×520
Минималды формат, мм	150×150
Өнімділігі, қап/ сағ.	180
Жабын материалының қалаңдығы, г/м ²	80–400
Картон қалыңдығы, мм	1–4
Клапан өлшемі, мм	15–30
Желім температурасы, °С	30–100
Желім сыйымдылығы, кг	2–3
Жабын материалының типтері	мата, ламинатталған қағаз, фотоқағаз, жасанды тері, ПВХ, полиуретан
Электр қуатын тұтыну, В	380
Қуаттылығы, кВт	3,7
Габариттік өлшемдері, мм	2500×1000×1000
Салмағы, кг	280

YDFM пленка пресстеу машинасы. YDFM сериялы пленка пресстеу машинасы қағаз, қатырма өнімдеріне, соның ішінде қаптама қорапшаларына, тамақ қаптамасының қапшықтарына, кітаптарға, жарнамалық қағазға, суреттерге және т.б. жоғары сапалы пленка пресстей алады. Басудан кейінгі цехтың жабдығының бірі ретінде YDFM сериялы машиналар әдетте орау және полиграфия өнеркәсібінде қолданылады. YDFM пленка пресстеу машинасының техникалық көрсеткіштері 18-кестеде көрсетілген.

18 Кесте – YDFM пленка пресстеу машинасының техникалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштердің мәні
Ламинациялау ені, мм	820
Ламинациялау жылдамдығы, м/мин	40
Ламинациялау температурасы, °С	60-130
Қуаттылығы, кВт	0.75
Кернеуі, В	380
Габариттік өлшемі, мм	1900×1500×1600
Массасы, кг	500

BP 802 AR 340 P оран-буу машинасы. BP 802 AR 340 P – кітаптарды полимерлік пленкаға топтап орналастыруға арналған автоматты машина. Машинаны дұрыс баптаған кезде ол қағазға, қатырмаға зиян келтірмейді,

алынған жылумен отырғызылатын пленка оралған баспа өнімін ылғалдан, кірден және зиянкестерден сенімді қорғайды.

BP 802 AR 340 P орап-буу машинасының техникалық сипаттамасы 19-кестеде берілген.

19 Кесте – BP 802 AR 340 P орап-буу машинасының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштердің мәні
Өнімділігі, орама/сағ	1250
I орамаға кететін ауа шығыны, л	11,5
Дайын өнімді орау алаңы, мм	800×450×200
Қуаттылығы, кВт	2,67
Габариттік өлшемдері, мм	1700×900×1400
Салмағы, кг	800

1.5 Кітапшалау-түптеу цехтың негізгі материалдарын таңдау

Триацетатты пленка. 4-типті түптеу қабы бетіне престоу үшін қалыңдығы 25 мкм, тығыздығы 1,2–2,3 г/см³ пленкалар қолданылады. Сондықтан түптеу қабына престоуге қалыңдығы 30 мкм TACRHAN R 862 SM сериялы триацетат целлюлозадан жасалған пленка тандалды. Оның салыстырмалы ұзаруы 6–8 % дейін жетеді, беріктігі онша емес, ылғалға төзімдігі қанағаттандырлық, балқу температурасы 100-180 °С.

Латексті-сүйекті желім. Түптеу қабын даярлау үшін «РеаХим» фирмасының гранулды сүйекті желімі тандалды. Латексте сополимер 30 %-дан кем, ол үлкен емес бүйірлі тізбекті сызықтық құрылымға йе болғандықтан пластификаторсыз мықты, мөлдір, эластикалық, механикалық әсерлерге төзімді өнім түзеді.

Желім тұрақты, жабық ыдыста, қалыпты температурада бір ай бойы сақталуы мүмкін, бірақ рН-тың қышқыл ортаға қарай жылжуы тез коагуляцияланады. Ол дисперсті ортаның (су) бөлінуі нәтижесінде кебу кезінде алынады.

Поливинилацетатты желім (ПВА). Берілген басылымның форзацын және блок түбін желімдеуге ТМ «Люкс» ПВА желімі тандалды.

Желім винилацетатты эмульсионнды полимеризациялаудан алынатын (CH₂=CHOCOSCH₃), сулы поливинилацетатты дисперсия (ПВАД) болып табылады. Поливинилацетатты дисперсия ақ түсті, йіссіз, усыз, жабыстыру үшін қыздырмай-ақ қолданылады. Суды сіңіру және 10–20 с ішінде булану нәтижесінде түзілетін пленка түссіз, элстикалық, жеткілікті мықты. Бөлме температураысында жабық ыдыстағы сұйылтылған дисперсия алты ай бойы сақталады, сумен сұйылтылған 8 сағат. ПВАД-тың негізгі кемшілігі суыққа төзімсіздігі болып табылады: 5–10 °С температурада дисперсия коагуляцияға қайтымсыз.

Жылудың әсерімен отырғызылатын пленка. Басылымның түптеу қабын безендіруге POE/PVC пленкалары алынды. Бұл жылудың әсерімен отырғызылатын, жиырылып бұйымды тығыз қаптап алатын, бір және екі осьті бағытталған полимерлерлік өнім.

Отырғызудың кернеуі қыздырудың температурасы мен ұзақтығына байланысты. Неғұрлым температура төмен болса, соғұрлым пленканы отырғызуға кететін уақыт ұзақ болады. Егер отырғызуды жоғары температурада өткізсе, онда отырғызудың уақыты шамалы болады. Отырғызудан кейін пленкалардың беріктігі төмендейді, бірақ та орама бүтіндігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті болады.

Форзацтық қағаз. Форзацтарды жасау үшін желімденген және ажырауға және сынуға жеткілікті механикалық беріктікке ие арнайы форзацтық қағаз қолданылады. Олар екі түрде шығарылады. А маркасы ақ немесе түрлі түсті, суретпен, өрнекпен болуы мүмкін, ал О маркасы тек ақ түсті болады.

Форзацты үшін массасы 140 г/м^2 А маркалы форзацтық қағаз таңдалды. Массасы $80\text{-}160 \text{ г/м}^2$.

Қатырма. Түптеу қатырмасы – қатырманың ең берік түрлерінің бірі болып табылады. Өзінің құрылымы арқасында жоғары механикалық әсерлерге төзімді. Сүрек массасы мен макулатурадан жасалынады. Қатырманың қабаттары көлемі 30% дейін жартылай целлюлоза немесе ағаш массасы қосылған ағартылмаған целлюлозадан тұрады.

Целлюлоза, макулатураның түптеу қатырмасының құрамына кіруіне байланысты, бүгінгі күні оның негізгі үш түрде ажыратылады: А, Б және ПКС. Басылыдардың түптеу қабын жасауда қалыңдығы 1,25 мм Б маркалы қатырма қолданылады.

Мұқабалық қағаз. Мұқабалық қағаз – ақ немесе түрлі түсті болып келеді. Жылтыр, күлінгірт болып бөлінеді. Оның екі маркасы бар: А, Б маркалы. А маркасы жылтыр, ал Б маркасы күлінгірт болады. А, Б маркалы мұқабалық қағазды 60% сульфидтік және 40% сульфаттық ақ целлюлозадан жасайды. Олар физика-химиялық қасиеттері бойынша бірдей.

Басылымның түптеу қабын даярлауда үшін Б маркалы мұқабалық қағаз қолданылады.

Синтетикалық жіптер. Басылымның блогын бекіту үшін «Gamma» фирмасының ақ түсті, қалыңдығы 12 мм капрон жіптері таңдалды.

